

"Облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру Ережелерін бекіту туралы" облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 415 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімиятының 2006 жылғы 12 шілдедегі N 128 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2006 жылы 28 шілдеде N 4163 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 тамыздағы N 113 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2011.08.16 N 113 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру Ережелерін бекіту туралы" облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 415 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) беру
Е р е ж е с і н д е :

5-тармақ мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Ғимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдау үшін төлемді есептеу кезінде жалпы пайдаланатын орындарға кіруді Жалдаушының осы алаңдарды үлестік пайдалануына сайма-сай ескеру қажет."

Облыс әкімінің міндетін атқарушы